

А.К. Өмірзақова^{1*}, С.А. Түрбекова², Р.М. Өскенбаева¹

¹Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: a.omurzakova@satbayeva.university

ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСІ РЕТІНДЕ АУДИОВИЗУАЛДЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Зерттеудің мақсаты – қазақ тілі сабақтарында студенттердің тыңдалым дағдыларын дамыта отырып, тілдік және сөйлеу құзыреттерін аудиовизуалды материалдардың көмегімен қалыптастыру. Аталған практикалық мақсатты шешу барысында аудиовизуалды оқыту құралдары, оның ішінде фильмдердің дидактикалық материал ретінде практикалық маңыздылығы анықталды; қазақ тілі сабағында студенттердің тілдік және сөйлеу құзыреттерін дамыту үшін тапсырмалар кешені әзірленді.

Студенттердің тыңдалым дағдыларын меңгеруі – қазақ тілін үйренудегі маңызды кезеңі. Сөйлеу әрекетінің түрлері, нақтырақ айтқанда, тыңдалым мен жазылым дағдыларын меңгеру деңгейі студенттің тілдік жетілуінің объективті көрсеткіші бола алады. Аудиовизуалды материалдармен жұмыстың мотивациялық-бағдарлы, аналитикалық-синтетикалық және рефлексиялық-бақылау кезеңдерінде ұсынылатын әдістемелік тәсілдер қазақ тілі сабағында естіген/көрген ақпараттарды саналы түрде қабылдауға және дәлме-дәл түсінуге, студенттердің ауызша және жазбаша сөйлеуін дамытуға жағдай жасайды.

Фильмнің құрылымдық және мазмұндық ақпаратын аналитикалық-синтетикалық кезеңде талдау және рефлексивті-бақылау кезеңінде орындалатын тапсырмалардың алуан түрлілігі студенттердің қатысымдық тұлға ретінде шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Аудиовизуалды материалмен жұмыс кезінде ұсынылған тапсырмалар студенттің жаңа ақпаратпен танысу, оған шолу жасау, ұсынылған мәселе бойынша сыни ойлау, берілген тақырып бойынша ақпараттық-іздістіру қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Түйін сөздер: тыңдалым, дағды, аудиовизуалды оқыту құралдары, тілдік құзырет, сөйлеу құзыреті, қатысымдық тәсіл.

A.K. Omurzakova^{1*}, S.A. Turbekova², R.M. Uskenbayeva¹

¹K.I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: a.omurzakova@satbayeva.university

The Effectiveness of Using Audiovisual Materials as an Active Method of Language Teaching

The purpose of the study is the formation of students' language and speech competencies in Kazakh language lessons using audiovisual materials with the development of listening skills. In the course of solving this practical goal, the means of audiovisual education were identified, including the practical significance of films as didactic material; a set of educational tasks was developed for the development of students' language and speech competencies in Kazakh language lessons.

Mastering students' listening skills is an important stage in learning the Kazakh language. Types of speech activity, in particular, the level of mastery of listening and writing skills, can serve as an objective indicator of a student's language maturity. The proposed methodological approaches at the motivationally oriented, analytical-synthetic and reflexive-control stages of working with audiovisual materials create conditions for conscious perception and accurate understanding of the information heard/seen in the Kazakh language lesson, the development of oral and written speech of students.

A wide variety of tasks performed at the analytical and synthetic stage of analyzing the structural and meaningful information of the film and the reflexive control stage contributes to the realization of the creative potential of students as a communicative personality.

The tasks proposed when working with audiovisual material are aimed at developing the student's abilities for familiarization, review, critical thinking, information retrieval information.

Key words: listening, skills, means of audiovisual learning, language competence, speech competence, communicative approach.

А.К. Омурзакова^{1*}, С.А. Турбекова², Р.М. Ускенбаева¹

¹ Казахский национальный исследовательский технический университет
им. К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан

² Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: a.omurzakova@satbayeva.university

Эффективность использования аудиовизуальных материалов как активного метода обучения языкам

Цель исследования – формирование языковых и речевых компетенций студентов на уроках казахского языка с помощью аудиовизуальных материалов с развитием навыков аудирования. В ходе решения данной практической цели были определены средства аудиовизуального обучения, в том числе практическая значимость фильмов как дидактического материала; разработан комплекс учебных заданий для развития языковых и речевых компетенций студентов на уроках казахского языка.

Овладение навыками аудирования у студентов – важный этап в изучении казахского языка. Виды речевой деятельности, в частности, уровень овладения навыками аудирования и письма, могут служить объективным показателем языковой зрелости учащегося. Предлагаемые методические подходы на мотивационно-ориентированном, аналитико-синтетическом и рефлексивно-контрольном этапах работы с аудиовизуальными материалами создают условия для осознанного восприятия и точного понимания услышанной/увиденной на уроке казахского языка информации, развития устной и письменной речи студентов.

Большое разнообразие заданий, выполняемых на аналитико-синтетическом этапе анализа структурной и содержательной информации фильма и рефлексивно-контрольном этапе, способствует реализации творческого потенциала студентов как коммуникативной личности.

Задания, предложенные при работе с аудиовизуальным материалом, направлены на развитие у студента способностей к ознакомлению, обзору, критическому мышлению, информационно-поисковой информации.

Ключевые слова: аудирование, навыки, средства аудиовизуального обучения, языковая компетенция, речевая компетенция, коммуникативный подход.

Кіріспе

Мақала тақырыбының өзектілігі тілдік емес жоғары оқу орындарында қазақ тілі сабағында студенттердің тілдік және сөйлеу құзыреттерін қалыптастыру мәселелерімен айқындалады. Жоғары білім берудің басты міндеттерінің бірі – студенттердің жас маман ретінде қоғамда одан әрі өлеуметтенуіне дайындау, ал оның табыстылығы көп жағдайда ауызша және жазбаша тілдесімдегі тілдік және сөйлеу дағдыларына, яғни диалогқа қатыса алуы, өз ұстанымын дәлелдей алуы, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау алуы және түсіндіре алуына т.с.с. байланысты.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде тілдерді оқыту тәсілдері қарқынды дамып келеді. Әсіресе, аудиовизуалды материалдарды пайдалану студенттердің тілдік дағдыларын жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс тіл үйренушілерге табиғи тілдік орта құруға, тыңдалым, сөйлесім, оқылым және жазылым дағдыларын тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Тыңдалым – сөйлеу әрекетінің рецептивті түрі, ол айтылымның тілдік формасын қабылдау және оның мағыналық мазмұнын түсіну арқылы

жүзеге асады. Тыңдалым адам қарым-қатынасындағы негізгі қабілеттердің бірі ретінде күнделікті өмірде, кәсіби ортада, білім беру саласында және мәдени әрекетте маңызды рөл атқарады. Бұл процесс сөйлеушінің ниетін, эмоциясын және коммуникативтік мақсатын дәл ұғынып, оған сәйкес жауап беруге мүмкіндік береді.

Тыңдалымның негізгі міндеті – тыңдау барысында ақпаратты түсініп қана қоймай, оны талдау, бағалау және қажет болған жағдайда қолдану. Тыңдалым қабілеті адамның жалпы коммуникациялық біліктілігін қалыптастырып, оның тілдік және мәдени қарым-қатынаста тиімді әрекет етуін қамтамасыз етеді. Тыңдалым дағдылары оқыту процесінде ерекше назар аударуды қажет етеді, себебі олар өзге тілдерді меңгеру, көпмәдениетті ортада бейімделу және ақпараттық қоғамда табысты әрекет ету үшін маңызды. Сонымен қатар, тыңдалым сөйлеу әрекетінің дербес түрі ретінде оқу материалдарын қабылдау мен түсіну, шығармашылық ойлау және сын тұрғысынан талдау жасау үшін де негіз болып табылады.

Студенттердің тыңдалым дағдыларын меңгеруі – қазақ тілін үйренудегі маңызды кезеңі деп санаймыз. Сөйлеу әрекетінің түрлері,

нақтырақ айтқанда, тыңдалым мен жазылым дағдыларын меңгеру деңгейі студенттің тілдік жетілуінің объективті көрсеткіші бола алады. Дегенмен, қазақ тілі сабақтарында оқылым, айтылым (сөйлесім), жазылым дағдыларына басты назар аударып, тыңдалым дағдысы тасада қалып жататындығы шындық. Бұған бірқатар объективті және субъективті себептер бар. Солардың бірі – тыңдалым кезіндегі кездесетін қиындықтар. Олардың негізгі себептеріне студенттердің естігендерін тез ұмытып қалуы, сөздердің мағынасын білмеуі, сөйлеушінің не айтып тұрғанын түсінбеуі, ауызша хабарламаның бір бөлігін жіберіп алуына байланысты негізі ойды түсіне алмауы жатады.

Тілдерді қатысымдық оқытуда аудиовизуалды оқыту құралдары ерекше орын алады. Олар тілді оқыту процесінде дербес дидактикалық материал ретінде де және электронды оқу басылымдарында мультимедиялық компонент ретінде де кеңінен қолданылады. Аудиовизуалды оқыту құралдары – ақпаратты есту және көру арқылы қабылдауға арналған көрнекі оқу құралдары. Сабақ барысында аудиовизуалды оқыту құралдарын қолдану психологиялық тұрғыдан негізделген, яғни ақпаратты қабылдау процесінде есту және көру сезімдері өзара әрекеттеседі, бұл «бейнені жадында берік сақтау үшін» ең қолайлы жағдайларды жасайды. Бейнелі (образды) қабылдауды қамтамасыз ете отырып, аудиовизуалды оқыту құралдары Я.А.Коменский тұжырымдаған көрнекілік принципін жүзеге асырады: «... сөйлеу мен ойлау әрқашан қатар жүруі үшін, демек, бірге дамуы үшін, көргендерінді, қолмен ұстағаныңды сөзбен жеткізуге үйрету керек...» (1982).

Аудиовизуалды материалдарға бейне, аудио және интерактивті контенттер жатады. Олар студенттердің назарын аударып, қызығушылығын арттыру арқылы оқу процесін жандандырады. Мұндай материалдардың тиімділігі мына факторларға байланысты:

- көрнекілік. Бейнематериалдар мен иллюстрациялар оқу ақпаратын жеңіл қабылдауға көмектеседі.

- табиғи дыбыстық орта. Теңтүпнұсқалық аудио жазбалар тілдің табиғи дыбысталуын меңгеруге ықпал етеді;

- қызығушылықты арттыру. Интерактивті материалдар тіл үйренушілерді белсенділікке шақырады;

- тақырыптың әртүрлілігі. Аудиовизуалды материалдар әртүрлі тақырыптарды қамтып, студенттердің жалпы білімін де арттырады;

- қолжетімділік. Бұл материалдар интернет арқылы оңай қолжетімді, сондықтан студенттердің оларды өз бетімен пайдалана алады;

- уақыт үнемдеу. Бір уақытта бірнеше сезім мүшесін қатыстыру арқылы ақпаратты тез әрі тиімді қабылдауға мүмкіндік береді;

Ақпаратты қабылдау арнасы бойынша аудиовизуалды оқыту құралдары аудитивтік (фонограммалар), визуалды (видеограммалар), аудиовизуалды (бейнефонограммалар) деп бөлінеді (Семендяева, 2011). Педагогикалық тәжірибеміз сүйене отырып, оқыту процесіне фильмдерді/фильмнен үзінділерді пайдалану студенттердің тілдік және сөйлеу құзыреттерін дамытудағы ең тиімді тәсілдердің бірі деп санаймыз. Фильмдер арқылы студенттер жанды ауызекі сөйлеу үлгісімен, сөйлеушілердің ым-ишараттарымен, олардың мимикалары, әрекеттері арқылы бейсезімдік (тілдік емес) тілдесім үлгілерімен танысады. Бұл естіген/тыңдаған ақпаратты дұрыс қабылдауға көмектеседі әрі түсінуді жеңілдетеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы фильмдермен жұмыстың ұсынылған әдістемелік тәсілдерін оқытушылар қазақ тілі сабақтарында студенттердің тыңдалым дағдыларын қалыптастыру үшін пайдалана алады.

Материалдар мен әдістер

Аудиовизуалды материалдар тілдік білім берудің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Олар тыңдалым, сөйлесім және дыбыстық қабылдау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ тілдің табиғи дыбысталуын меңгеруге ықпал етеді. Тыңдалым арқылы тіл үйрену студенттердің фонетикалық және интонациялық ерекшеліктерді түсінуін жеңілдетеді және олардың коммуникативтік қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі.

Аудиовизуалды материалдар тек тілді меңгеру үшін ғана емес, сонымен бірге мәдениаралық коммуникацияны да дамытуға мүмкіндік береді. Тыңдалатын мәтіндер тілдік өрнектерді, қоғамдағы қарым-қатынас нормаларын және мәдени ерекшеліктерді тереңірек түсінуге ықпал етеді. Сонымен қатар, олар тіл үйренушілерге ауызекі тілдің қарапайым және формалды емес құрылымдарын игеруге жағдай жасайды. Аудиовизуалды материалдардың алуантүрлілігі және оларды қолданудың алуан әдістері әрбір білім алушылардың қажеттіліктері мен тілдік деңгейіне сәйкес оқыту процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Теңтүпнұсқалық аудиоматериалдар. Радио хабарламалары, подкасттар, әндер және табиғи сөйлеу жазбалары сияқты теңтүпнұсқалық аудиоматериалдар тіл үйренушілерді шынайы тілдік ортаға жақындатады. Бұл материалдар тілдің лексикалық және грамматикалық құрылымдарын нақты қолдану үлгілерімен таныстырады.

Бейімделген аудиоматериалдар. Оқу бағдарламаларына сәйкес бейімделген аудиоматериалдар, мысалы, диалогтар мен мәтіндер, студенттердің тіл деңгейіне сәйкестендірілген. Бұл материалдар тіл үйрену процесін жеңілдетіп, студенттердің тілдік дағдыларын біртіндеп дамытуға мүмкіндік береді.

Аудиокітаптар. Әдеби немесе ғылыми мәтіндердің аудио нұсқалары тіл үйренушілердің сөздік қорын байытып, мәтін мазмұнын терең түсінуге көмектеседі.

Мультимедиялық ресурстар. Тыңдау жаттығулары қамтылған онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар (Duolingo, Rosetta Stone, Quizlet және т.б.) студенттердің өз бетімен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Аудиовизуалды материалдар. Фильмдер мен анимациялардың дыбыстық бөліктері аудио мен визуалды ақпаратты үйлестіру арқылы оқу тиімділігін арттырады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін шешу үшін келесі ғылыми әдістер қолданылды:

Жинақтау-талдау әдісі зерттеудің негізгі ғылыми мәселелерін анықтау мақсатында шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жүргізуді қамтиды. Қазіргі лингводидактикадағы теориялық және әдіснамалық аппаратқа концептуалды талдау жасалды. Сонымен қатар, жаһандық тілдерді оқыту әдістемесінің заманауи тәсілдері қарастырылып, олардың қолдану мүмкіндіктері зерделенді. Осы әдіс арқылы материалдар жүйеленіп, зерттеу объектісінің маңызды аспектілері айқындалды.

Танымдық-жалпылаушылық әдіс зерттеу мәселесі бойынша тілдерді шет тілі ретінде оқытуға арналған шетелдік әдістемелерді, лингвистика және лингводидактика саласындағы теориялық және практикалық еңбектерді зерттеуді және талдауды қамтиды. Бұл әдіс зерттеу пәніне қатысты ғылыми ақпаратты жүйелеуге және оның негізгі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыда негіздеу үшін алынған мәліметтерді жалпылауға жағдай жасайды.

Салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдісі шетелдік және отандық оқыту әдістемелерінің

дидактикалық принциптерін салыстырмалы-салғастырмалы талдау арқылы зерттеу мәселесіне кешенді көзқарас қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, ғылыми зерттеу әдіснамасы мен түрлі оқыту әдістемелерін салыстыру арқылы жинақтау және түрлендіру процестері жүзеге асырылды. Бұл әдіс оқыту әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап, олардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Эмпирикалық зерттеулер барысында оқыту әдістерін тәжірибеде қолдану арқылы алынған мәліметтер талданды. Зерттеу нәтижелерінің дәлдігін қамтамасыз ету үшін бақылау, салыстыру, эксперименттік зерттеу жүргізілді. Бұл әдістер зерттеу объектісінің нақты жағдайларын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің барлық аспектілерін кешенді түрде қарастыру үшін жүйелі талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс зерттеу нәтижелерін біртұтас жүйеге біріктіруге, олардың арасындағы байланысты анықтауға және зерттеу нысанының ішкі құрылымын түсінуге мүмкіндік берді.

Практикалық-қолданбалы әдіс көмегімен тілдерді оқыту әдістемелерін тәжірибелік негізде тексеру және оларды нақты оқу процесінде қолдану арқылы алынған нәтижелерді бағалау жүзеге асырылды. Бұл әдіс зерттеудің қолданбалы аспектілерін күшейтіп, практикалық ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Аталған әдістер зерттеудің ғылыми дәлдігін қамтамасыз етіп, зерттеу пәнінің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ алынған нәтижелер негізінде ғылыми және практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Мақаланың теориялық негізі ретінде жалпы дидактика, лингводидактика мәселелері, аудиовизуалды оқыту құралдарын сабақта қолдану әдістемесі бойынша шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстары (Tomlinson, 2011; Harmer, 2007; Mayer, 2009; Scrivener, 2011; Kukulska-Hulme, 2012; Thang Van Le, 2024) мен отандық ғалымдардың (Қадашева, 2013; 2017; Зуева, 2021; Асанова, 2021; Өмірзақова, 2022; Ыбыраймжанов, 2023) еңбектері пайдаланылды.

Ү. Асанова қазақ тілін оқыту барысында аудиовизуалды материалдарды қолданудың тиімділігі жан-жақты қарастыра отырып, оқу процесінде бейнематериалдар мен аудио құралдарды пайдалану арқылы тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын, тыңдалым қабілетін және комму-

никативтік құзыреттілігін арттыру жолдарын талдайды.

Авторлық бірлестікте құрастырылған (Қ. Қадашева, Ү. Асанова және т.б.) «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің «Бейнебаян» бөлімі – тіл үйренушілердің тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға арналған инновациялық оқу құралы.

Бұл құрал қазақ тілін оқытуда аудиовизуалды материалдарды қолдану арқылы білім алушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға бағытталған. «Бейнебаян» бөлімінде түрлі тақырыптар бойынша бейнематериалдар ұсынылып, оларды талдау, түсіну және талқылауға арналған жаттығулар берілген.

В. Tomlinson зерттеуінде оқытудың тиімді материалдарын дайындау және олардың тіл үйренушілердің қажеттіліктеріне қарай бейімдеу мәселелерін қарастырса, J. Harmer және J. Scrivener тіл үйретуде визуалды және аудио құралдарды қолданудың практикалық аспектілеріне назар аударады. J. Scrivener оқытуда визуалды және аудио құралдарды қолданудың маңыздылығын көрсете отырып, мұндай құралдардың тіл үйренушілердің мотивациясын арттырып, ақпаратты тиімді меңгеруіне ықпал ететінін атап өтеді.

В. Tomlinson-ның “Materials Development in Language Teaching” атты еңбегі тіл үйретуге арналған оқу материалдарын дайындау және қолдану бойынша негізгі теориялық және практикалық мәселелерді қамтиды. Аталған еңбек екінші тіл немесе шет тілін үйренуді тиімді ұйымдастыру үшін материалдар дайындаудың кешенді тәсілдерін ұсынады. В. Tomlinson тіл үйрету саласындағы материалдарды әзірлеу әдістерін ғана емес, сонымен қатар олардың тиімділігін арттыру үшін қажетті ғылыми негіздерді де қарастырады.

В. Tomlinson материалдарды дайындауда бірқатар негізгі принциптерді ұсынады. Ол материалдар тек тіл үйренушінің қажеттіліктеріне бейімделіп қана қоймай, олардың қызығушылығын арттырып, оқыту мотивациясын оятуы керек деп көрсетеді. Жаңа материалдар дайындау кезінде когнитивтік және аффективтік аспектілерді ескеру қажеттілігі баса айтылған. Зерттеуде шынайы өмірден алынған мәтіндер мен материалдарды пайдаланудың маңыздылығы талқыланады. В. Tomlinson мұндай материалдар тіл үйренушілерге шынайы тілдік ортаға бейімделуге және олардың тілдік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді деп санайды. Автор оқы-

ту материалдары интерактивті және икемді болуы тиіс екенін атап өтеді. Бұл материалдарды әртүрлі тіл деңгейлеріне, оқыту әдістеріне және білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеудің маңыздылығын көрсетеді.

О.В. Семендяеваның «Аудиовизуальные технологии обучения» еңбегі заманауи білім беру процесінде аудиовизуалды технологияларды қолданудың теориялық және практикалық негіздерін зерттеуге арналған. О.Семендяева аудиовизуалды технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін талдап, олардың оқу процесіндегі маңыздылығын көрсетеді. Автор аудиовизуалды құралдардың студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға, оқу материалын меңгеру жылдамдығын арттыруға және ақпаратты визуалды қабылдау арқылы есте сақтау сапасын жақсартуға ықпал ететінін атап өтеді. Ғалым бейнематериалдарды, дыбыстық жазбаларды және интерактивті бағдарламаларды қолданудың тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын дамытудағы рөлін талдайды. Еңбекте автор сабақ барысында аудиовизуалды материалдарды тиімді енгізудің нақты әдістемелері қарастырып, олардың көмегімен тіл үйренушілердің логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту жолдарын сипаттайды.

Нәтижелер мен талқылау

Тілдерді оқытуда фильмдерді қолдану – тілдерді меңгеру процесінде коммуникативтік дағдыларды жетілдіру, мәдени контексті түсіну және тілдік ортаға бейімделу үшін тиімді әдістердің бірі болып табылады. Фильмдер визуалды және дыбыстық ақпаратты бір уақытта ұсынатындықтан, тіл үйренушілердің қабылдау қабілетін жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

Сабақта фильмдерді қолданудың бірқатар артықшылықтары бар. Мәселен, табиғи тілдік орта сайма-сай келетін орта құру, яғни фильмдер шынайы қарым-қатынас жағдайларын, сөйлеу мәнерін, интонацияны және сөздердің табиғи қолданылуын көрсетеді. Бұл студенттерге күнделікті тілдік құрылымдарды меңгеруге мүмкіндік береді. Фильмдер арқылы тіл үйренушілер тілдік ортаға тән мәдениетті, дәстүрлерді және ұлттық ерекшеліктерді түсініп, мәдениаралық қарым-қатынас құзыреттілігін арттыра алады. Қызықты сюжеттер мен тартымды көріністер білім алушылардың оқу процесіне деген ынтасын арттырып, олардың белсенділігін ынталандыра-

ды. Фильмдерді қолдану тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым сияқты дағдыларды бір уақытта дамытуға мүмкіндік береді. Визуалды ақпарат жаңа лексика мен грамматикалық құрылымдарды тезірек меңгеруге және олардың мағынасын нақты түсінуге көмектеседі. Фильмдер тілдің табиғи дыбысталуын, сөйлеу екіпінін және сөйлеушілердің эмоционалды күйін түсінуді жеңілдетеді.

Фильмдерді оқу процесінде пайдалану тиімділігі белгілі бір әдістемелік тәсілдерді қолдануды талап етеді:

Алдын ала талдау. Фильмді көрмес бұрын, оның мазмұны, тақырыбы және негізгі идеялары талқыланады. Бұл студенттердің назарын қажетті ақпаратқа аударуға және оқыту материалын түсінуді жеңілдетуге көмектеседі.

Субтитрлерді пайдалану. Бастапқы кезеңде субтитрлерді қолдану тыңдалым және оқылым дағдыларын үйлестіруге мүмкіндік береді. Кейінгі кезеңдерде субтитрлерді алып тастау арқылы студенттердің тыңдау қабілеті жетілдіріледі.

Диалогтарды қайталау және рөлдік ойындар. Фильмдегі кейіпкерлердің диалогтарын қайталау және олардың рөлдерін ойнау арқылы тілдік қарым-қатынасқа қажетті дағдылар қалыптасады.

Лексика мен грамматикалық құрылымдарды меңгеру. Фильмнен алынған жаңа сөздер мен сөз тіркестерін анықтап, оларды сөйлеуде қолдану әдістері қарастырылады.

Фильмді көргеннен кейін талдау. Фильмнің сюжетін, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін және олардың тілдік ерекшеліктерін талдау сөйлеу және сыни ойлау қабілеттерін дамытады.

Шығармашылық тапсырмалар. Фильмге шолу жасау, оқиғаның жалғасын жазу немесе кейіпкерлерге хат жазу сияқты шығармашылық тапсырмалар студенттердің жазылым дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Фильмдерді дидактикалық материал ретінде пайдалану үшін оларды дұрыстап іріктеп алу маңызды. Фильмдерді іріктеу барысында келесі критерийлерге назар аударылған жөн: студенттердің тілдік деңгейіне сәйкес келуі; мәдени-әлеуметтік құндылықтарды көрсетуі; қызықты сюжет пен тақырыптық әртүрліліктің болуы; қысқа және нақты эпизодтардың оқыту үшін қолайлығы.

Зерттеу жұмысының аясында жүргізілген педагогикалық тәжірибені зерделеу фильмдердің/фильм үзінділері студенттердің тілдік және сөйлеу құзыреттерін дамытудың тиімді әдістері-

нің бірі екенін көрсетті. Қазақ тілі сабақтарында аудиовизуалды оқыту құралдарын, оның ішінде, фильмдерді пайдаланудың оң тәжірибесін ескере отырып, студенттердің тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдер кешенінің үлгісін әзірледік.

Сабақта фильмдермен жұмыс үш кезеңде ұйымдастырылады.

Бірінші кезең – мотивациялық-бағдарлы. Бұл кезеңнің негізгі міндеті – студентті фильмдегі/фильм үзіндісіндегі ақпаратты белсенді қабылдауға ынталандыру және дайындау. Фильмнен үзінді көрмес бұрын оқытушы студенттерден аудиовизуалды материалдың мазмұнына қатысты қандай ақпаратқа ие екенін анықтайды. Оқытушы аудиторияның тіл білу деңгейіне байланысты тілдік клишелер немесе паремиялар мүмкіндігінше мол қамтылған фильмді таңдауға кеңес береміз. Себебі мақал-мәтелдерде, фразеологизмдер мен басқа да тілдік клишелерде интернационалдық компонент тән. Бұл тіл үйренушіге ойлау қабілетінің заңдары арқылы әртүрлі тілдердегі мағыналық баламасын табуға мүмкіндік береді. Ғалымдар әртүрлі, тіпті туыс емес тілдердің паремиялогиялық материалында семантикалық эквиваленттердің болатынын дәлелдеді. Сондықтан аталған материалдар қазіргі қоғамдағы мәдениетаралық коммуникацияның күшейіне септігі тиеді.

Әзірленген әдістеменің бұл кезеңінің мақсаты аудиовизуалды материалды көру кезінде туындауы мүмкін тілдік және ақпараттық қиындықтарды еңсеруге бағытталған. Тілдік құзыретті дамыту мақсатында жаңа тілдік материалды алдын ала меңгеру осы кезеңде жүзеге асады. Аудиовизуалды материалды көрмес бұрын студенттерге оның атауы беріліп, фильмнің тақырыбын анықтау ұсынылады. Бұл ықтималды болжау қызметін жетілдіруге, студенттердің ойлау қызметін белсендендіруге ықпал етеді. Осы кезеңде студенттер фильмнің тақырыбын анықтағаннан кейін орындауға келесі тапсырмалар беріледі: ұсынылған фильмдегі түйін (кілт) сөздерді тыңдау және түйін сөз көмегімен фильм мазмұнын болжау, мәтіналды қатысымдық тапсырмалар кешенін орындау. Осылайша, алдын ала нұсқау берудің маңызы зор, бұл студенттердің тыңдалым тапсырмаларымен белсенді жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Екінші кезең – аналитикалық-синтетикалық. Бұл кезеңнің негізгі міндеті – аудиовизуалды материалдағы ақпаратты белсенді қабылдау және түсіну. Фильмдердің / үзінділердің мазмұнын

терең әрі дәл түсіну үшін кадрларды тоқтатып отырып, қайта қарауға болады.

Оқытудың осы кезеңінде студенттерге таңдалған фильмді көру, жаңа ақпараттан танысу қабілетін дамытатын тапсырмалар орындау ұсынылады: а) сөйлемдер қатарынан фильмнің негізгі идеясын көрсететін сөйлемді таңдаңыз; ә) фильмнің негізгі идеясын бір сөйлеммен жеткізіңіз; б) фильмнің негізгі тақырыбын анықтап, оның негізгі мазмұнын бірнеше сөз тіркестерімен жеткізіңіз; в) фильмнің мазмұнына сәйкес келетін сөйлемдерді таңдаңыз; г) ұсынылған жоспарлардың ішінен фильм мазмұнын дәл беретін жоспарды таңдаңыз; д) фильмнің мазмұны бойынша ұсынылған жоспарға түзету енгізіңіз (фильмде ақпаратты баяндау реттілігіне сәйкес сөйлемдерді орналастырыңыз); ж) фильмнің мазмұны бойынша ұсынылған сұрақтардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыз және т.б.

Студенттердің естіген / көрген ақпаратына шолу жасау қабілетін келесі тапсырмалар арқылы тиімді дамытуға болады: а) ұсынылған сөйлемдердің ішінен фильмде жоқ ақпаратты/оқиғаларды белгілеңіз; ә) фильмнің мазмұнын жалпы түсінуге бағытталған сұрақтарға жауап табыңыз; б) ұсынылғандардың ішінен фильмге нақтырақ тақырыпты таңдаңыз және т.б.

Оқытушыға студенттердің естіген/көрген ақпаратын зерделей алу қабілетін келесі тапсырмалар арқылы дамыту ұсынылады: а) фильмді қарау кезінде сандық мәліметтерді, жалқы есімдерді, іс-әрекеттің орнын және т.б. жазып алыңыз; ә) фильмнің толық жоспарын құрыңыз; б) фильмде қарастырылып отырған мәселеге автордың көзқарасын жазыңыз; в) фильмдегі коммуниканттар арасындағы ілікпе сөздерді (реплика) қалпына келтіріңіз; д) диалогтың жетіспейтін элементтерін толықтырыңыз; е) фильмді көргеннен кейін келесі пікірлер коммуниканттардың қайсысына жататынын анықтаңыз; ж) ұсынылған нұсқалардың ішінен фильмде қозғалған мәселе бойынша айқындаушы немесе егжей-тегжейлі ақпаратты белгілеңіз; з) коммуниканттардың ілікпе сөздерінің ішінен фильмде айтылмағанын таңдаңыз және т.б.

Студенттерде сыни ойлау қабілеттерін келесі тапсырмалар арқылы дамыту ұсынылады: а) фильмдегі ақпараттың маңыздылығы, бірінші дәрежелі / қосалқы, объективтілігі / субъективтілігі, жалпыға мәлімділігі, жаңалығы, ақиқаттығы, сенімділігі / сенімсіздігі, болжамдылығы, жалғандығы, күмәнділігі, дәлелділігі және т.б. тұрғысынан бағалаңыз; ә) фильмде баяндалған

өзекті/басты мәселеге қысқаша сипаттама беріңіз; б) фильмдегі ғылыми ақпаратты сыни тұрғыдан талдаңыз т.б.

Ақпараттық-іздігіру қабілеттерін дамыту келесі тапсырмалар көмегімен дамыту орынды: а) фильмде қандай да бір ғылыми факті, ғалымның\ақынның\жазушының өмірінен оқиғалар, негізгі даталар туралы ақпаратты көрсетіңіз; ә) фильмде көтерілген мәселелерді растайтын/теріске шығаратын дәлел келтіріңіздер және т.б.; б) қандай ақпарат фильмнің атауын растайтынын көрсетіңіз; г) фильмде берілген жылқының\ұлттық ойынның\аспаптың т.с.с. сипаттамасын табыңыз; д) фильмде көрсетілген мәселе бойынша автордың көзқарасы берілген эпизодты табыңыз; ж) фильмді көргеннен кейін алғаш рет естіген ақпаратыңызды көрсетіңіз; з) фильм кейіпкерлерінің қандай ілікпе сөздері күмән/сенімділік/сенімсіздік, өтініш және т.б. білдіретінін көрсетіңіз; и) фильмнің негізгі ойын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз; к) фильмдегі ақпаратты растайтын немесе жоққа шығаратын, жаңалықты, ақиқатты, жалпыға мәлімдікті, шынайы фактілерді көрсететін дәлелдерді көрсетіңіз; л) ақпараттың негізгі мәліметтерін\фактілерін\шығу көздерін көрсетіңіз; м) сіздің ойыңызша, ең маңызды, аса маңызды емес, негізгі, қосалқы, объективті, субъективті болып табылатына ақпаратты көрсетіңіз (Семендяева, 2011).

Үшінші кезең – рефлексивті-бақылау. Бұл кезеңнің негізгі міндеті – аудиовизуалды материалдағы ақпаратты одан әрі түсіну және оған деген өзіндік көзқарастарын қалыптастыру, естіген/көрген ақпарат мазмұнын түсіну деңгейін анықтау. Бұл кезеңде пікірталас ұйымдастырылады, білім алушылар өз пікірлерін (ауызша және жазбаша) дәлелдей отырып, жағдайға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне сыни баға береді. Студенттерге мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, тест тапсыру немесе мәтіннен алынған мәліметтер негізінде жалған және шыншыл тұжырымдарды анықтау, мәтіндегі ақпарат негізінде оқиғаны жалғастыру, оқиғаның өзіндік нұсқасын құрастыру, мәтінді мазмұндау, кейіпкерлер туралы әңгімелеу, оқылған және бұрын тыңдалған мәтіннің айырмашылықтарын анықтау сияқты тапсырмаларды қолдануға болады.

Осы кезеңде студенттің ұсынылған фильмнің\үзіндінің негізгі мазмұнын түсінгендігін тексеру мақсатында келесі тапсырмаларды орындау ұсынылады: а) фильмнің мазмұнына сәйкес келетін жоспар пункттерін белгілеңіз, фильмдегі тұжырымның шын/жалған екенін түсіндіріңіз;

б) оқиғаларды/фактілерді фильмде көрсетілген ретпен орналастырыңыз; в) фильм мазмұнына жоспар құрыңыз және осы жоспар бойынша ауызша немесе жазбаша мазмұндама жазыңыз; г) ұсынылған жоспарды фильмде берілген ақпаратты ұсыну ретімен нөмірлеңіз; д) фильмнің мағыналық бөліктерін бөліп, тақырып қойыңыз;

Фильм мазмұнын толық/егжей-тегжей түсінгенін тексеру үшін студенттерге келесі тапсырмалар беріледі: а) ұсынылған фильмге аннотация жазыңыз; ә) ұсынылған аннотациялардың қайсысы көрген фильмге қатысты екенін көрсетіңіз; б) ұсынылған аннотациялардың қайсысы фильмнің мазмұнын неғұрлым толық жеткізетінін көрсетіңіз; в) фильм мазмұнының ауызша немесе жазбаша түрде егжей-тегжейлі жеткізіңіз; г) фильмнің ілеспе аудармасын жасаңыз; ж) фильмде кездесетін мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді, ассоциация туғызатын ерекше тіркестерді және мағынасын түсіндіріңіз; з) алынған ақпаратқа баға беріп, қозғалған тақырыпты дамыта отырып, фильмнің мазмұны бойынша эссе жазыңыз.

Ұсынылған тапсырмалар фильмнің мазмұнына және студенттердің қазақ тілін меңгеру деңгейіне байланысты ішінара орындалуы мүмкін.

Қорытынды

Аудиовизуалды материалдарды тілдерді оқытуда қолдану қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Бұл тәсіл студенттердің қызығушылығын арттырып, оқу процесін жеңіл әрі тиімді етеді. Сондықтан оқытушылар осы материалдарды сабақтарға енгізу арқылы оқытудың сапасын жаңа деңгейге көтере алады. Сонымен қатар, заманауи технологиялар арқылы білім беру үдерісін жетілдіру мүмкіндіктері шексіз екенін ескеру қажет. Жақсы таңдалған аудиовизуалды материалдар тек

тілдік дағдыларды дамытып қана қоймай, білім алушылардың сыни ойлау және мәдени түсінігін арттырады.

Студенттердің тілдік және сөйлеу құзыреттерін тыңдалым дағдыларын дамыту арқылы қалыптастыруда аудиовизуалды оқыту құралдары, нақтырақ айтқанда, фильмдер маңызды орын алады. Фильмдер ақпараттық құндылығының, анықтылығының, көрнекілік құралдарының арқасында студенттердің сөйлеу әрекеттерін ынталандырады.

Аудиовизуалды материалдармен жұмыстың мотивациялық-бағдарлы, аналитикалық-синтетикалық және рефлексиялық-бақылау кезеңдерінде ұсынылатын әдістемелік тәсілдер қазақ тілі сабағында естіген/көрген ақпараттарды саналы түрде қабылдауға және дәлме-дәл түсінуге, студенттердің ауызша және жазбаша сөйлеуін дамытуға жағдай жасайды. Тілдік құрылымы жымдасып қалыптасқан клишелер, паремиялар ерекше ассоциация туғызатындықтан, тіл үйренушінің ойлау процесіне әсер етіп, есте сақтауын жетілдіреді.

Фильмнің мазмұндық және семантикалық ақпаратын аналитикалық-синтетикалық кезеңде талдау және рефлексивті-бақылау кезеңінде орындалатын тапсырмалардың алуан түрлілігі студенттердің қатысымдық тұлға ретінде шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Фильмдерді тіл үйренудің құралы ретінде қолдану – заманауи білім беру әдістемесіндегі тиімді тәсілдердің бірі. Бұл әдіс тілдік дағдыларды кешенді түрде дамытуға, студенттердің тілді меңгеру процесіне қызығушылығын арттыруға және олардың тілдік және мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Фильмдер арқылы оқыту әдісінің дұрыс ұйымдастырылуы студенттердің тілдік ортада өзін еркін сезінуін және тіл үйрену нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

References

- Asanova, U. (2021). Kazak tilin oqytuda audio-vizualdy materialdardy paidalanudyn tiimdiligi [The Effectiveness of Using Audio-Visual Materials in Teaching Kazakh Language]. *Pedagogicheskaya nauka i praktika* [Pedagogical science and practice]. Vol. 2(32), P. 44-47. (In Kazakh).
- Zueva, N., Turbekova, S., Omurzakova, A. (2019). Aktualnye voprosy samostoyatel'nogo izucheniya yazykov v informatsionno-telekommunikatsionnoy srede [Relevant Issues of Independent Language Learning in the Information and Telecommunication Environment]., 128–131. (In Russian).
- Zueva N., Turbekova S., Omurzakova A. (2021) Netraditsionnye podkhody k organizatsii prakticheskikh zanyatiy v vuze [Non-Traditional Approaches to Organizing Practical Classes in Universities]. *Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya*, 2, 220–224. (In Russian).

- Komensky, Y. (1982). *Izbrannye pedagogicheskie sochineniya* [Selected Pedagogical Works]. 2 Volumes. Moscow. Pedagogika. Vol. 1. (In Russian).
- Kadasheva, K., Assanova, U., Omarova, S., Aikenova, R., Zhumataeva, Z. (2017). Actual Problems of Teaching Kazakh Language as a Closely Related Language. *Astra Salvensis*, p.261.
- Kukul'ska-Hulme, A. (2012). Mobile Assisted Language Learning. In Chapelle CA (Ed.), *The Encyclopedia of Applied Linguistics* (P. 3701-3712). Oxford: Wiley-Blackwell.
- Kadasheva, K., Assanova, U., Ashykbayeva, B., Omarova, S. (2013). Kazak tili: Dengeylik oqy-әdistemelik kesheninin Beinebayan til uirenushilerge arnalgan oqy kuraly [Kazakh Language: Level-Based Educational-Methodological Complex "Video Tutorial" for Language Learners]. Almaty. Intellservice. (In Kazakh).
- Mayer, R. (2009). *Multimedia Learning* (2nd ed.). New York: Cambridge University Press.
- Scrivener, J. (2011). *Learning Teaching: The Essential Guide to English Language Teaching* (3rd ed.). London. Macmillan Education.
- Semendyaeva, O. (2011). *Audiovizualnye tekhnologii obucheniya* [Audio-Visual Learning Technologies]. Kemerovo. KemGU. (In Russian).
- Tomlinson, B. (2011). *Materials Development in Language Teaching* (2nd ed.). Cambridge. Cambridge University Press.
- Omurzakova, A., Turbekova, S. (2022). Studentterdin kazak tili grammatikasyn uirenu kezinde zhiberetin interferentsiyalyk kateleri [Interference Errors Made by Students When Learning Kazakh Grammar]. *KazNU Khabarshysy. Filologiya seriyasy*, 2, 310-314. (In Kazakh).
- Ybyraimzhanov, K., Zhaxylikova, K., Omurzakova, A. (2023). Enhancing Students' Pedagogical Potential with Practice-Oriented Courses in Teacher Education Universities. *Journal of Education and E-Learning Research*. Vol.10. Iss. 3, P. 585-594. <https://doi.org/10.20448/jeelr.v10i3.4988>
- Harmer, J. (2007). *The Practice of English Language Teaching* (4th ed.). Harlow. Pearson Education, p.448
- Thang, Van Le, Tu Thi Cam Tran, Hung Thanh Nguyen, Tuan Van Nguyen, Chinh Danh Cao (2024). Assessing the Efficacy of Online Applications in Enhancing Classroom Teaching: A Comprehensive Evaluation of Execution and Effectiveness. *Journal of Education and E-Learning Research*, Vol. 11(2), P.377-383. <https://doi.org/10.20448/jeelr.v11i2.5630>

Авторлар туралы мәлімет:

Өмірзақова Альфия Кеңесқызы (автор-корреспондент) – филология ғылымдарының кандидаты, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: a.omurzakova@satbaev.university);

Түрбекова Салтанат Ақтайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: sturbekova@mail.ru);

Өскенбаева Рауза Мүтәліпқызы – PhD, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: r.uskenbayeva@satbaev.university).

Information about Authors:

Alfiya Keneskizi Omurzakova (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, K.I. Satbayev Kazakh National Research Technical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.omurzakova@satbaev.university).

Saltanat Aktaykyzy Turbekova – Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: sturbekova@mail.ru).

Rauza Mutalipkyzy Oskembayeva – PhD, K.I. Satbayev Kazakh National Research Technical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: r.uskenbayeva@satbaev.university).

Сведения об авторах:

Омурзақова Альфия Кеңесовна (корреспондент-автор) – кандидат филологических наук, Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И. Сатпаева (Алматы, Казахстан, e-mail: a.omurzakova@satbaev.university).

Түрбекова Салтанат Ақтайқызы – кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: sturbekova@mail.ru).

Ускенбаева Рауза Муталиповна – PhD, Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И. Сатпаева (Алматы, Казахстан, e-mail: r.uskenbayeva@satbaev.university).

Келіп түсті: 25 қаңтар 2025 жыл
Қабылданды: 14 маусым 2025 жыл